

## **Қазан ЖНББ мектбеі 2 «Ә» сынып жетекшісінің 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысына жылдық талдау**

2 «Ә» сыныбында 6 окушы, 4 қыз бала, 2 ұл бала. Оқу жылының басында 2021-2022 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты: окушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынның белсенділері бекітіліп, тәрбие жұмысының жоспары бекітілді. Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау-басшылық жасау іске асты.

Жыл басын «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынмен бастап, «Мен – өз елімнің патрионын» атты тақырыпта сынның сағаттары өткізілді. Және қыркүйек айында өткен «Тіл тұтастығы – ел тұтастығы» атты тілдер апталығымен басталды. Қазан айында «Карттарым асыл қазынам» атты апталығында салтанатты жының өткізіліп, сынның тәрбие сағаттары өткізілді. Қараша айында «Тенге – Тәуелсіз Қазақстанның белгісі», «Біздің дәстүрлер» атты тәрбие сағаты өткізілді. Желтоқсан айында «Тәуелсіздік ел тірекі-білімді ұрпак» атты мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. «Жаңа жылдың жарқырайды шамдары» атты ертеңгілік өткізіліді. Қантар айында «Жолда жүру ережесін сақтайық» атты шығармашылық апталық ұйымдастырылды. «Қауіпсіз интернет» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқу жылының аяғында «Үздік окушы» атты сайыс өткізілді.

Мектеп педагогикалық ұжымы жағдайы тәмен, аз қамтылған және көп балалы жануяларда тәрбиеленетін балалармен үнемі жұмыс атқарып келеді. Оқушыларды оқу жылының басында оқу құралдарымен, киіммен қамтамасыз ету мақсатында «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Мектеп ісі нәтижелі мақсатқа құрылған тәртіппен жұмыс атқарғанда ұлтжанды, іскер, жігерлі тұлға қалыптасады.

Сыныптағы оқушылардың басым бөлігі спортпен айналысады. Құрамысова Жансая үстел теннисінен облыстық жарыста 1 орынды иеленді.

Сынып жетекшісі:  Ажибаева Ж.С.